

Балгожина М.Е.

**Қылмысты қайталап жасаушы
қылмыскерлердің тұлғалық
ерекшеліктері**

Осы мақалада қылмысты қайталап жасаушы қылмыскер тұлғасының өзіндік ерекшеліктері қарастырылады. Оларға әлеуметтік-демографиялық және психологиялық сипаттама беріліп, ғылымның түрлі сала ғалымдарының пікірлері негізге алынады. Сондай-ақ, қылмысты қайталап жасаушылардың қылмыстық субмәдениет пен қылмыстық орта дәстүрлерін белсенді түрде таратушы тұлғалар екендігі ашылып, олардың әлеуметтік тұрақсыз тұлғалар мен девиантты әрекеттерге бейім адамдарға (әсіресе жастар) тигізер жағымсыз әсері қарастырылады. Мақалада пенитенциарлық қылмыстың қайталануының алдын алу шаралары бойынша ұсыныстар жасалады.

Түйін сөздер: қылмысты қайталап жасаушы қылмыскер, қылмыскер тұлғасы, субмәдениет, қылмыстық орта, девиантты әрекет, пенитенциарлық қылмыстың қайталануы.

Balgozhina M.E.

**Personality characteristics
recidivists**

This article discusses the specific features of the personality of recidivists. When writing the socio-demographic and psychological characteristics are based on the opinions of scientists from different fields of science. Also disclosed the commitment and active dissemination by recidivists criminal subcultures and the negative impact of criminal traditions for socially unstable persons (especially for youth) and persons prone to deviant behavior. An attempt was made to formulate proposals for the improvement of preventive measures penitentiary relapse.

Key words: criminal recidivist, the identity of the offender, subculture, criminal environment, deviant behavior, penitentiary relapse.

Балгожина М.Е.

**Личностные особенности
рецидивистов**

В данной статье рассматриваются специфические особенности личности рецидивистов. При описывании социально-демографической и психологической характеристики за основу берутся мнения ученых разных отраслей наук. Также раскрывается приверженность и активное распространение со стороны рецидивистов уголовной субкультуры и отрицательное влияние преступных традиции для социально неустойчивых лиц (особенно для молодежи) и лиц склонных к девиантному поведению. Сделана попытка сформулировать предложения по совершенствованию профилактических мер пенитенциарного рецидива.

Ключевые слова: преступник-рецидивист, личность преступника, субкультура, преступная среда, девиантное поведение, пенитенциарный рецидив.

ҚЫЛМЫСТЫ ҚАЙТАЛАП ЖАСАУШЫ ҚЫЛМЫСҚЕРЛЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қылмысты қайталап жасаушы қылмыскердің тұлғалық ерекшелігіне байланысты мәселе күрделі, әрі даулы және жан-жақты зерттеуді қажет ететін проблема. Себебі қылмыс жасаушы тұлғалардың әрқайсының қайталанбайтын өз ішкі әлемі бар. Сондықтан әр қылмыс жасау барысында қылмыскер өз тұлғалық мөртаңбасын қалтырады. Алайда, қылмыстардың алуан түріне де, оны жасаушы субъектілердің жеке ерекшеліктеріне де талдау жасау арқылы көп қажетті нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ғалымдар бұл мәселені қарастыруда адам тану, әлеуметтік ғылымдар мен психологияның түрлі әдістерін пайдаланады. Психологтар қылмыскерлердің жеке тұлғалық қасиеттерін зерттеу негізінде жасалған нақты қылмыстар себебін анықтауға тырысады, ал ол өз кезегінде тергеу процесі мен қылмыстық істі қарастыруда, сонымен қатар жеке алдын алу шараларын жасауда пайдаланылуы мүмкін. Алайда, нақты қылмыскер тұлғасын зерттеу негізінде барлық қайталап қылмыс жасаушы қылмыскерлерді қоспағанда оның белгілі бір тобының да қылмыс жасау себебін анықтау мүмкін емес. Сондықтан да психологтар ғылыми зерттеулер жүргізу барысында қылмыскер тұлғасын типологияны пайдалана отырып, топтық деңгейде зерттейді.

Адам қылмыскер болып тумай, қылмыскер болып қалыптасады. Себебі, әрбір индивид тұлға ретінде адами қарым-қатынастармен қатар өзіндік даму мен сана сезім өнімі.

Қылмысты қайталап жасаушы қылмыскердің тұлғасын қарастыру кезінде оны:

- қоғам мүшесі;
- әлеуметтік топ мүшесі;
- әлеуметтік типтік қасиет иесі ретінде қарастырамыз.

А.Б. Сахаров қылмыскер тұлғасын зерттеу барысында оларды төмендегідей топтастырады:

1. Бірінші рет жалпы әлеуметтік-оң бағытқа қарсы ауыр емес қылмыс жасағандар («кездейсоқ»);
2. Жағымды сипатталатын тұлғаның сыртқы жағдайлардың теріс әсерімен бірінші рет ауыр емес қылмыс жасауы («ситуативті»);
3. Бұрын құқық бұзушылықтар мен теріс қылық жағдайларға жол берген, бірақ бірінші рет қылмыс жасаған тұлға («тұрақсыз»);

4. Қылмысты бірнеше мәрте жасағаны үшін бұрын сотталған («кәнігі»);

5. Аса қауіпті қылмысты қайталап жасаушы қылмыскердің санатына жататындар («аса қауіпті») [1].

Бұл топтастыруға ғалым бірінші рет қылмыс жасағандар мен қайталап жасаушы қылмыскерлерді енгізген. Қандай да бір қылмыстың қайталанып жасалғандығына тоқталып, оларды кәнігі қылмыскерге жатқызу арқылы автор қылмыскер тұлғасының қоғамға қайшы бағытының тұрақтылығын көрсетеді.

Қылмыскер тұлғасының криминологиялық сипаттамасына қатысты ғалымдар түрлі топтастырулар ұсынады. П.С. Дагель: 1) қылмыскердің жеке басының физикалық белгілері бойынша; 2) жасаған қылмыс сипаты бойынша; 3) алдыңғы қылмыс әрекеттерінің болуына байланысты; 4) қылмыскер тұлғасының психологиялық ерекшеліктері бойынша; 5) түзелу дәрежесі бойынша [2].

А.И. Долгова мен В.Д. Ермаков топтастыру негізіне төмендегі белгілерді ұсынады:

– құндылық бағыттар жүйесін, өнегелік және құқықтық көзқарастарды;

– мінез-құлққа қатысты әлеуметтік мәні бар әрекеттер жүйесін;

– жасалған қылмыс пен жеке тұлғаның бұрынғы мінез-құлқы арасындағы қатынас;

– құқық бұзушы болған микроорта [3].

Осы авторлар ұсынған топтастыру түрлерін қарастыра келе, бұл белгілердің криминология оқулығында да ұсынған топтастыру түрінде де үйлесім тапқандығына көз жеткіздік:

1. Әлеуметтік-демографиялық белгілер;

2. Қылмыстық-құқықтық белгілер;

3. Өмірдің түрлі салаларындағы әлеуметтік көріністер немесе әлеуметтік байланыстар;

4. Өнегелік қасиеттер;

5. Психологиялық белгілер;

6. Физикалық (биологиялық) сипаттама [4].

Топтастырудың бұл түрі қылмыс жасаған тұлғаны жалпылама түрде сипаттап, біздің пікірімізше, қылмыскердің типтік дәрежесін болжамды түрде білуге мүмкіндік жасайды. Ал қылмыстылықты ескерту сияқты маңызды міндетті шешу – қылмыскер тұлғасын жекелей егжей-тегжейлі, бөлшектеп зерделеуді қажет етеді.

Жоғарыда көрсетілген топтастырудың әлеуметтік-демографиялық белгілеріне жеке тұлғаның жынысы, жасы, білімі, әлеуметтік жағдайы мен кәсібі, отбасылық жағдайы, материалдық жағдайы мен тұрғын үй жағдайы жатады.

Қылмыскердің қоғамға қайшы мінез-құлқы туралы мәліметтер, қылмыстық әрекеттерінің жалғыз немесе топтық сипатылығы, бұрынғы соттылығы немесе қылмысының нақты қайталану фактілері қылмыстық-құқықтық белгілерге жатады.

Бұл жерде криминологиялық ақпарат пен қылмыскердің жеке басының әлеуметтік-демографиялық және қылмыстық-құқықтық белгілерінің «көрсеткіштігі» оларды жалпы демографиялық және т.б. статистикалық мәліметтермен салыстыру кезінде өсіп отырады.

Әрине, әлеуметтік-демографиялық белгілер мен әлеуметтік рөлдер кез келген қылмыскердің жеке басы туралы үзілді-кесілді түсінік бере алмайды, себебі бұл белгілер адамның ішкі мазмұнынан гөрі сыртқы жағын жақсы сипаттайды. Ал адамның ішкі жан дүниесі оның өнегелік және психикалық қасиеттері арқылы көрініс тауып, индивидтің неге қылмыс жасағаны туралы сауалға жауап береді.

Бұл жағынан адамның көзқарасы, сенімі, ұстанымы сияқты моральдық-саяси, дүниетанымдық және өнегелік қасиеттері маңызды болып табылады. Әдебиетте жеке тұлғаның қасиеттерін екі топқа бөлеміз:

1) түрлі әлеуметтік құндылықтар мен өмір шындығына қатысты тұрақты қарым-қатынас;

2) тұлғалардың қажеттіліктері мен ұмтылысының деңгейі, сипаты мен әлеуметтік мәніне байланысты оны қанағаттандыру жолын таңдауы.

Н.С. Лейкинаның пікірі бойынша қылмыскер тұлғасының құрылымын төмендегідей бөлуге болады:

қылмыстық мінез-құлқтың төмендегідей ішкі себептерін құраушы жағымсыз қасиеттер кешені (сенім, қажеттілік, мүдде, себептер мен жеке тұлғаның жағымсыз құндылық бағыттары);

жеке тұлғаның қылмыстық мінез-құлқының қалыптасуына ықпал етуші жақтары (маскүнемдікке бейімділік, өмірлік құндылықтарға деген асоциалды көзқарас, паразитизм, қаңғыбастық, психикалық ерекшеліктер мен жағдайлар және т.б. жағдайлар, мысалы күйзеліс пен психопатия);

жеке тұлғаның қылмыстық мінез-құлқын болдырмауда рөлі жоқ, алайда құқық бұзушыны оң жағынан сипаттаушы басқа да қасиеттері (еңбекке деген адал қарым-қатынасы, тәртіптілігі және т.б.) [5]. Біздің ойымызша, қылмыскердің жеке басының әлеуметтік жағымсыз мінез-құлқын ашу үшін ол адамның өзге адамдармен, қоғамдық ортамен қарым-қатынас жасауына

көңіл бөлген жөн. Сонда ғана оның бойындағы тұлғалық ақаулар мен ауытқулар механизмін анықтай аламыз.

Бұл жерде біз В.Д. Филимоновтың қылмыскерлерді топтастыру жеке тұлғаның қоғамға қайшы қатынасының сипаты бойынша жасалуы керек, себебі қандай да бір мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған адам әрекеттері мен әдістерінде оның объективті болмысқа деген қарым-қатынасы көрініс табады [6].

Бұл қарым-қатынас жеке тұлға болмысын құрайды. Себебі, жеке тұлға қарым-қатынасы болмыстың белгілі бір жағына деген көзқарасы болып табылып, оның қоғамға қайшы қарым-қатынасының сипатына байланысты оның әрекетінің пайдакүнемдік, зорлық немесе басқа белгілерін анықтауға болады.

Нақты қылмыстар себебін зерттеу үшін мыналарды есепке алу қажет: жеке тұлғаның микроортада қалыптасуының жағымсыз жағдайлары, жеке тұлғаның өнегелік – психологиялық қатынаста қалыптасу ерекшеліктері, белгілі қылмысты жасау кезіндегі нақты өмір жағдайы [7].

Талдау барысында көз жеткізгеніміздей, қайталап қылмыс жасаушы тұлғалардың өнегелік-психологиялық болмысына қоғамға қайшы мінез-құлық пен бағыттылық тән. В.Н. Кудрявцев қылмыскердің жеке басының қоғамға қайшы бағыттылығының – пайдакүнемділік, агрессивті (зорлықшыл) және әлеуметтік-белсенсіз деген үш типін белгілейді. Соңғысы жеке бағыттылықты, қоғамдық тәртіп нормаларын елемейшілікті, қоғамдық қажеттіліктер мен өзге адамдардың мүдделерін назарға алмау, өз өзімшілдік талпынысына қол жеткізу құралын таңдауда немқұрайлылық танытуды көрсетеді [8].

Криминогенді өзімшілдік қылмыскерге тән жалпы қасиет болып саналады. Ол қылмыстық әрекет (пайдакүнемділік, зорлықшылдық) себебінің негізіне жатады. Зорлықшыл типтегі криминогенді тұлғаға өзін-өзі танытуға деген үлкен құлшыныс және осы мақсатты жүзеге асыру жолында өзін-өзі шектемеу қасиеттері тән.

В.Д. Филимонов қылмыскерлердің жалпы жекелігін екі санат бойынша: агрессивті және пассивті тип деп бөліп қарастырып, агрессивті тип бойынша былай дейді: «Қылмыстардың бірқатарын жасау кезінде жеке тұлға қауіптілігі мінез-құлық мотиві арқылы емес, қылмыс объектісін құраушы қоғамдық қатынастарды сыйламауы арқылы белгіленеді. Бұл ең алдымен адамның жеке басына қол сұғушылықпен аралас қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты» [9].

Г.Н. Доронин зорлық қылмыстары үшін сотталған кәмелеттік жасқа толмағандардың жеке басын зерттей отырып, зорлық қылмыстардың өнегелік-психологиялық қасиеттері кешенін төмендегідей топтастырады:

а) құқыққа қайшы тікелей зорлықшыл қолсұғушылықтар жасауды сипаттайды;

б) қылмыспен тікелей байланыссыз, дегенмен жеке тұлғаның криминологиялық мәні бар қасиеттерін сипаттайды.

Тұлғаның құқыққа қайшы тікелей зорлықшыл қолсұғушылықтар жасауын сипаттайтын қасиеттерін ашу барысында ол барлық зорлық қылмыстардың негізі болып табылатын қатыгездікті қоғамға қайшы қатынас ретінде қарастырады. Қатыгездік өз кезегінде қарым-қатынас жасаудың, өзін-өзі танытудың және өзге адамдарды қиналту қажеттілігінің бұрмаланған түрі ретінде туындайды.

Адамның қылмыспен тікелей байланыссыз, дегенмен жеке тұлғаның криминологиялық мәні бар қасиеттерін сипаттауда Г.Н. Доронин ең алдымен оның өзге адамдармен қарым-қатынас жасауына қатысты сана-сезімінде ой мен әрекеті арасында қарама-қайшылықтар бар екендігін, өз-өзіне баға беру мен сындық талдау жасаудың жоқтығын, өзге адамдарды өзінің өзімшілдік мақсаттарына пайдалану үшін тырысуы түрінде көрініс тапқан өнегелік қасиеттерінде үлкен ақаудың бар екендігін белгілейді.

Мұндай қажеттілік психологиялық тұрғыдан өзге қажеттіліктерді (мысалы, әйел зорлау кезінде жыныстық, тонау мен қарақшылық жасауда пайдакүнемдік) жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етудің алғышарты болып табылады [10].

Бұл қылмыс түрлерінің барлығына өзге адамдарды тұлға ретінде сыйламау, өзінің өзімшіл мүдделері үшін өзге адамдардың өмірі мен денсаулығын, ар-намысын құрбандыққа шалу түрінде көрініс тапқан мінез-құлық тән.

Зорлық қылмыстары үшін сотталған тұлғалардың әлеуметтік-демографиялық және психологиялық мінездемелері бойынша зорлық қылмыстармен қатар басқа да қылмыс жасағаны үшін сотталған тұлғалардан айырмашылықтарының болуы кездейсоқтық емес. Бірнеше мәрте жасалған қорлық қылмыстары үшін сотталғандардың тұрақты жеке-өзімшілдік ерекшеліктері тұлғааралық дау-дамайларды шешуде ғана емес басқа, мәселен пайдакүнемдік (тонау, қарақшылық кезінде) мақсаттарға жету құралдарын таңдау кезінде де мінез-құлық моделін белгілейді [11].

Қылмысты қайталап жасаушылар – бұл қылмыстық субмәдениет пен қылмыстық орта дәстүрлерін белсенді түрде таратушы тұлғалар. Олар әлеуметтік тұрақсыз тұлғалар мен девиантты әрекеттерге бейім адамдарға (әсіресе жастар) жағымсыз әсер етеді. Жалпы және пенитенциарлық психология бойынша зерттеу еңбектерінде сотталғандардың түрлі девиантты (агрессивті, криминалды-делинквентті, аддиктивті, суицидалды) мінез-құлықтарының әлеуметтік-биологиялық, жыныстық-жас, жеке психологиялық қасиеттері мен виктимогенді жағдайға байланысты екендігі сан мәрте дәлелденіп негізделген. Сондай-ақ, мінез-құлықтың негізгі түрлерінің акцентуация типтерімен өзара байланысының бар екендігі көрсетілген [12].

Сөйтіп, қылмыскердің жеке басы көптеген әртүрлі жағдайларға байланысты сипатталады. Оның әлеуметтік (саяси, еңбек, тұрмыстық, отбасылық және т.б.) байланыстары; оның моральдық-саяси қасиеттері (дүниетанымы, бағыты, сенімі, мүдделері); оның психологтары (интеллектісі, еркі, эмоционалдық ерекшеліктері, темпераменті); оның демографиялық және физикалық көрсеткіштері (жынысы, жасы, денсаулық жағдайы), өмірбаяны, өмірлік тәжірибесі, білімі, қоғам алдындағы жетістіктері мен кінәсі [13].

Кейбір ғалымдар жеке тұлға құрылымын құраушы барлық элементтер мен белгілерді адамның әлеуметтік, психологиялық және физикалық қасиеттерін сипаттаушы бірнеше салаларға бөлуді ұсынады. Қылмысты қайталап жасаушылар тұлғасына тән жалпы ерекшелік оның бірнеше мәрте қылмыс жасау нәтижесінде жоғалтқан әлеуметтік оқшаулау сезімінің орнын толтыруға тырысуы болып табылады. Алайда жүйелі түрде қылмыс жасауы қылмысты қайталап жасаушылардың барлық көзқарас пен бағыт-бағдар, бейімділігі мен әдет жүйесіне қатты әсер етеді. Сондай-ақ, қылмыстарының бірнеше мәрте жасалуы оның психикасына да үлкен әсерін тигізеді. Г.Ф. Хохлаковтың айтуы бойынша бас бостандығынан айыруға сотталғандар арасында жиі кездесетін психологиялық жағдай: мазасыздық, қорқыныш, ашуланшақтық, дұшпандық, көңілге тез алушылық, жабырқау сезімі, өзін кем көру сезімі және т.б [14]. Жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыру қылмыскердің құқықтық жағдайымен қатар әлеуметтік мәртебесін де күрт өзгертеді. Сондай-ақ, бұл өзгерістер біртіндеп емес, күрт пайда болатындықтан «қалыптасқан өмір салтын, әдеті мен мінез-құлық стереотипін қайта

құруды талап етеді» [15]. Сондай-ақ, бас бостандығынан айыруға сотталған тұлға үшін қылмыскерлер арасындағы мінез-құлық стратегиясы мәселесі өте өзекті болып саналады. И.В. Каретников: «Сотталғандар ортасы беретін әлеуметтік-психологиялық тәжірибе еңбекпен түзеу мекемесі әкімшілігі ұсынатын тәжірибеден маңыздырақ деп айтсақ артық айтпаймыз», – деп жазады [16]. Сотталғандардың әлеуметтік ортасында ресми және ресми емес қатынастардың бар екендігі жасырын емес, ғалымдардың зерттеу объектісі болған мәселелердің бірі. «Сотталғандардың микроортасы өз атрибуттары мен салт-жораларын, ресми емес қарым-қатынас жасау заңдарын туындатады» [17]. Нәтижесінде сотталғандар арасында сотталғандардың көзқарас пен өмірлік құндылықтарының ұқсастығына, кәсіби қызығушылықтарына, жасы мен жаза мерзіміне және басқа да жағдайларға байланысты түрлі кішкентай топтар пайда болады. Қылмыстық топтағы «беделдіні» айыптық оқшаулау орнына қамау, камералық үлгідегі жайға ауыстыру (айрықша режимдік түзеу колониясындағы жалғыз адамдық камераға) оның өзге сотталғандарға тигізер жағымсыз әсерін жоймайды. Осы негізде олар арасында туындаған өзара түсініспеушіліктер мен жеке бас мүдделерінің түйісіп қалу оқиғалары қылмыстық тәсілдермен шешіліп жататын жағдайлар да жиі кездеседі. Әр топ өз мүдделері мен қызығушылықтарын, ұстанымдары мен қағидаттарын өзге топтардан қорғайды. Сөйтіп, сотталғандардың микро ортасының қайталап қылмыс жасаушылардың кейінгі қылмыс жасауына тигізер әсері оның қылмыстық ортаның ресми емес қарым-қатынас жасау ережелері мен салтын меңгеруіне байланысты.

Қазіргі таңда түзеу мекемелерінде отырған сотталғандардың пайдалы еңбекпен қамтамасыз етілмегендігі ешкімге де құпия емес. Сондықтан арамтамақтық қылмысты қайталап жасаушы қылмыскерлерге тән қасиет болып саналады. Еңбекпен қамтылмаған, бос уақыты көп адамның іші пысып, олар өзін басқа әуестіктермен алдарқатуға кіріседі. Ол әуестік – жүйелі түрде есірткі қабылдау, спирттік ішімдіктер ішу, жыныстық азғындық, түрлі құмар ойындар.

Әлеуметке қайшы сенімдер мен көзқарастар, әсіресе, аса қауіпті деп танылған қылмысты қайталап жасаушы қылмыскерлерден айқын байқалады. Олар түзеу мекемелерінде отырған кезінде, әдетте, қалыпты емес лидерлік топты құрайды. Бұл топқа режим түріне байланысты салыстырмалы түрде сотталғандардың 15-18%

жатқызуға болады. Бұл ұйымдасқан және біріккен, бір лидер-басшысы бар немесе бірнеше «беделділерден» құрылған алқалы басшылық етуші органы бар топ. Құрметті орынға тәртіптің қалыпты емес нормаларының білгірі – көп жағдайда бас бостандығынан айыру орындарында көп жылдар бойы отырған сотталған ие болады. Бұл топқа тәртіп нормаларын ұстанушы сотталған немесе сол тәртіпті өзге сотталғандарға орындатушы адам мүше бола алады. Мүше болушы адамдардың басты қасиеті – лидер еркін өзге адамдарға нақты орындата білуі болып табылады. Сондай-ақ бұл топта лидер мен басқа сотталғандар арасында делдал болушы адамдар да бар. Себебі, қалыпты емес этикет нормаларына сәйкес, лидер өзге сотталғандармен тек делдал арқылы ғана қарым-қатынас жасауға тиіс. Лидерлік топтан басқа салыстырмалы түрде бөлінген басқа үш топ мүшелері арасында да қылмысты қайталап жасаушы қылмыскерлер кездеседі.

Әкімшілікпен қызметтес сотталғандар. Олар әкімшілік қамқорлығындағы және негізді түрде шартты – мерзімнен бұрын босап шығу құқығына үміткер сотталғандар. Бұл топта өз жасаған қылмыстары үшін өкінетін және өзге сотталғандардың да өзгеруіне ықпал етуге тырысатын сотталғандар бар. Сондай-ақ бұл топта осы топқа ену нәтижесінде қандай да бір артықшылыққа ие болуды көздейтіндер мен қандай да бір тәртіп нормаларын бұзғаны үшін өзге сотталғандар тарапынан қалыпты емес санкцияларды қолданудан қашып жүрген және кездейсоқ себептермен бірнеше мәрте сотталған тұлғалар да бар.

«Бейтарап» сотталғандар. Ең саны көп топ. Оның өкілдері адал еңбек, жақсы оқу мен үлгілі тәртіпке ден қойғандар. Олар бостандықтағы туыстарымен, достарымен тұрақты байланыста болады. Абақты жаргонында бұл топтың «еркектер» деп аталуы да кездейсоқтық емес. Өзіндік «менін» олар жұмыс пен бағынушылық және достар көмегімен ұстап тұруға тырысады. Бейтараптар тобында қалыпты емес лидерлік топқа тартылатын сотталғандармен қатар «нағыз еркектер» деп аталатындар да бар. Сотталғандардың бұл санаты түрлі қылмыстар жасағанмен олардың басты қауіптілігі – жазаны өтеу жағдайлары нашарлаған кезде олардың жаппай тәртіпсіздік жасап, көтерілулері, кепілдікке адам алулары мен түзеу мекемесінен қашулары болып табылады.

Шеттетілген сотталғандар. Жалпыға ортақ тәртіп нормаларын бұзушы адамдар барлық

ортада бар. Ол адамдар қоғам үшін қауіпті болғандықтан оқшауландырылған қылмыскерлер. Олардың қоғамнан ғана емес, өз қауымдастықтарынан да шеттетілгендігін барлығынан байқауға болады: олар ең нашар ұйықтау орындарында ұйықтайды, олардың асханада өз үстелдері, ыдыс-аяқтары бар, олар моншаға бөлек және соңында түседі. Яғни бұл арқылы сотталғандар қауымдастығы өздерінен тәртіп нормасын бұзушыларды оқшаулайды, өз қатарларынан аластатып қана қоймай ең ауыр және ең жаман жұмыстарға салады.

Сонымен, сотталғандар құрған әрбір қалыпты емес топтар бір-бірінен өз құндылықтары мен өмірлік ұстанымдары бойынша ерекшеленеді. Қылмыстық топтағы «беделдіні» айыптық оқшаулау орнына қамау, камералық үлгідегі жайға ауыстыру (айрықша режимдік түзеу колониясындағы жалғыз адамдық камераға) оның өзге сотталғандарға тигізер жағымсыз әсерін жоймайды. Осы негізде олар арасында туындаған өзара түсініспеушіліктер мен жеке бас мүдделерінің түйісіп қалу оқиғалары қылмыстық тәсілдермен шешіліп жататын жағдайлар да жиі кездеседі. Оның нәтижесінде бас бостандығынан айыру орындарында қылмыс латенттілігі жоғары болып, олар мына факторлар негізінде қалыптасады:

криминалдық субмәдениеттің әсері мен бақылау салдарынан сотталған жәбірленушілердің немесе куәгерлердің түзеу мекемесі әкімшілігіне шағымданбаулары. Бұл фактор табиғи латенттілік негізіне жатады.

ТМ жұмыс көрсеткіштерін бақылау жүйесінің жетілмегендігі, яғни көп қылмыс тіркелген сайын жұмыстың төмен бағалануы сияқты факторлар бас бостандығынан айыру орындарындағы жасанды латенттілікті қалыптастырады.

Қылмыскерлердің бұл санатына жеке тұлғаларға қарсы ауыр зорлық қылмыстар жасау, есірткі мен өзге де тыйым салынған заттарды өткізуді ұйымдастыру сияқты құқық бұзушылықтар тән. Аса қауіпті қылмысты қайталап жасаушы қылмыскерлер арасында саналы өмірінің көп бөлігін бас бостандығынан айыру орнында өткізіп келе жатқан, сол өмірге үйреніп кеткендіктен сыртқы өмірмен байланысы аз немесе жоқ адамдар да бар. Оларға жаза мен түзеу шаралары да, заңмен белгіленген басқа да шектеулер әсер етпейді. Бостандықтағы өмір туралы түсінігі аз мұндай тұлғалар жазалау шараларынан қорықпайды. Қылмыскерлердің бұл санаты қоғам үшін өте қауіпті болып саналады.

Түзеу мекемелеріндегі қылмыстық топтар сотталғандар арасында қылмыстық-ұрылық салттар мен дәстүрлерді нығайту, сотталғандар арасында қоғамға қарсы көзқарастар енгізу, түзелу жолына тұрған өзге сотталғандар мен түзеу мекемесі әкімшілігіне қарсы қылмыстар ұйымдастыру бойынша белсенді жұмыс атқарады. Сондықтан түзеу мекемесі әкімшілігінің сотталғандардың қылмыстық тобымен күрес жүргізуге бағытталған жұмысы түзеу мекемесіндегі «ұрылар дәстүрін» бейтараптандыруға арналуы керек. Бұл жұмыс сотталғандарды ұстау, ауыстыру мен тәрбиелеу проблемаларына арналып, пенитенциарлық социолог, психолог пен криминалды субмәдениет бойынша мамандар енгізілген арнайы бағдарлама негізінде жүргізілуі керек.

Жазаны өтеу режимін бұзушылар, әсіресе, қасақана бұзушылар – бұл қылмыс жасау потенциалы бар, оның ішінде түзеу мекемесі заңды талаптарына қасақана бағынбаушылық көрсетуші тұлғалар. Спирттік ішімдіктер ішу, есірткі мен басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану, тыйым салынған заттарды дайындау, сақтау және беру (алу) ауыр зорлық қылмыстар жасауға ықпал етеді.

Зорлық қылмыс жасаушы қылмысты қайталап жасаушыға, әдетте, жеке тұлға ретінде өзін жоғары бағалау мен өзге адамдардың өмірі мен ар-намысына немқұрайлылық таныту қасиеттері тән. Олар өздерінің құқыққа қайшы мінез-құлықтарын ақтап, оны жәбірленушінің әрекетіне сәйкес әрекет деп қарастырады. Сондай-ақ, оларға қылмыстық заңды бұзу мотивін жоғары бағалау және соның нәтижесінде жазасыздығына сенімділік тән [18].

Түзеу мекемелерінде жасалатын қылмыстылықтың жалпы құрылымындағы ең қауіптісі жеке тұлғаға қарсы қылмыстар, оның ішінде кісі өлтіру мен денсаулыққа ауыр зиян келтіру болып табылады. Бұл қылмыстардың басым көпшілігі рецидивист қылмыскерлердің қолымен немесе солардың айдап салуымен жасалатын қылмыстар болып табылады. Практиканы зерделеу барысында жеке тұлғаға қолсұғушылық, денсаулыққа қасақана түрде жеңіл зиян келтіру, ұрып-соғу, қинау, қорқыту мен жала жабу және қорлау сияқты қолсұғушылықтардың жоғары латенттілікке ие екендігі көрсетіледі. Бұл жағдай көрсетілген жеке тұлғаға қарсы қылмыспен күресу өзектілігін төмендетпей, олардың ауыр қылмыстардың жасалуына себепкер болып кетуіне байланысты түзеу мекемесі әкімшілігі тарапынан сәйкес әрекеттерді талап етеді.

Қылмысты қайталап жасаушы қылмыскерлердің басым бөлігінің өмірлік құндылық бағыттары өте қарапайым, әрі бұрмаланған. Бірінші рет сотталғандармен салыстырғанда олардың өмірлік құндылық бағыттарындағы деформация 2-2, 5 есеге жоғары. Бірінші рет сотталғандарға қарағанда олардың мақсат қоя білу, ұстамдылық, тәртіптілік, өмір қиындықтарын жеңе білу сияқты қасиеттері әлдеқайда төмен. Бұл көрсеткіштер олардың мәдени-білім деңгейлеріне сәйкес.

Жоғарыда әлеуметтік-демографиялық белгілердің қылмыскер тұлғасын зерттеуде маңызы бар екендігіне тоқталдық. Олар қылмыстылықты болжамдау үшін қажетті көрсеткіш болып табылып, жазаны атқару процесінде есепке алынады. Ал әлеуметтік-демографиялық белгілердің ішінде адам жасының маңызы зор. Оны есепке алмай біз адамның көп қасиеттеріне баға бере алмаймыз. Бұл туралы А.С. Михлин: «Сотталғандардың жасы оның барлық мінез-құлқына ізтаңба қалдырады. Сондықтан жас ерекшеліктері қылмыстық жазаны бұзушы тұлғалардың қылмыстық әрекеттеріне әсер етпей қоймайды», – деп жазады [19]. Біздің пікіріміз бойынша, адамның жасы көп жағдайда оның қажеттіліктері мен өмірлік мақсаттарын, қызығушылықтары мен өмір сүру салтын белгілеп, ол жасаған құқыққа қайшы әрекеттерде де көрініс табады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша (бұл мақсатта 185 қылмысты қайталап жасаушы қылмыскердің іс материалдары қарастырылды) адамдардың қылмыстық белсенділіктері 15-30 жас аралығында болатындығына көз жеткіздік.

Т.М. Кафаровтың мәліметтері бойынша қылмысты қайталап жасаушы қылмыскердің 52% [20], ал А.М. Яковлев қылмысты қайталап жасаушы қылмыскердің 60-70% бірінші қылмыстарын кәмелеттік жасқа толғанға дейін жасайды деп көрсеткен [21]. «Қолда бар мәліметтер бойынша қылмысты 14-24 жас аралығында жасайды, бүтіндей алғанда қылмыскерлер 29 жасқа дейінгі жас тобына жатады. Әрі қарай 30-39 жас, ал онан кейін қылмыстық белсенділік төмендей бастайды. Қылмыскерлер арасындағы қылмыстылықтың ең төменгі үлесі 60-тан асқандарда. Адам өлтіру, ауыр дене жарақатын салу, ұрлық, тонау, қарақшылық, бұзақылық, әйел зорлау сияқты негізгі қылмыс түрлерін 30 жасқа дейінгі тұлғалар жасайды» [22].

Яғни, бірнеше авторлар адамның қылмыстық белсенділік танытатын кезеңін 15-30 жас деп көрсетуі кездейсоқтық емес. Біздің зерттеу нәтижелеріміз бойынша рецидивистердің 73%

жасы 39-дан аспаған ер адамдар. Ал әйел – қылмысты қайталап жасаушы қылмыскердің негізінен 30 бен 50 жас аралығындағылар. Әйел қылмыстылығы негізінен пайдакүнемдік сипаттағы (ұрлық, алаяқтық) қылмыстар. Соттылық санының көптігі 40-50 жастағылар үлесінде.

Қылмыстылықтың әлеуметтік-демографиялық аспектілерін қарастыра отырып, көптеген авторлар отбасы – кез келген қылмыскердің мінез-құлқына әсер етуші фактор екендігін атап көрсетеді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша отбасы бар қылмыскерлермен салыстырғанда отбасын құрмаған тұлғалар арасында қылмысты қайталап жасаушы қылмыскердің 44 % жоғары екендігін байқадық. Бірінші қылмыс жасағанға дейін отбасын құрған тұлғалар (отбасының сақталу немесе сақталмауына қарамастан) қылмыстың қайталануына сирек баруының өзі отбасы институтының жағымды әлеуметтік рөлінің барлығын белгілейді.

Алайда, неке әр уақытта қылмыстың қайталануын төмендетуге көмектеседі деп айта алмаймыз. Әсіресе сотталғанның жазасын өтеп жүріп отбасын құру жағдайы оның қылмыстық әрекеттен бас тартуына ықпал ете қоймайды. Себебі мұндай некелердің пайдакүнемдік мақсатта жасалу жағдайы жиі кездеседі. Сондай-ақ, сотталғандар арасында ажырасу фактілері де кеңінен таралған. Қылмысты қайталап жасаушы қылмыскерлердің 52 % тұрақты мекенжайы жоқ.

Қолда бар мәліметтер бойынша қылмысты қайталап жасаушы қылмыскерлер қатарында екі соттылығы барлар – 51%, үш соттылығы барлар – 22%, төрт және онан да көп соттылығы барлар – 13% құрайды. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан сотталғандардың жасаған қылмыстары аралығындағы уақыт орташа есеппен 2-2,5 жылды құрайды. Зерттеу барысында қылмысты қайталап жасаушылардың 68% қылмыс жасау кезінде спирттік ішімдік пайдаланғандары белгілі болды.

Білім деңгейлері бойынша бірінші рет сотталғандармен салыстырғанда рецидивистердің деңгейі төмен. Олардың 17%-ың орта білімі жоқ.

Арнайы зерделеу нәтижесінде қылмысты қайталап жасаушы қылмыскерлердің жиі араласатын адамдар контингенті бірнеше мәрте

сотталғандар мен қылмыстық жауапқа тартылған тұлғалар екендігі белгілі болды. Яғни, рецидивтің болуына әсер ету мәні бар факторлардың бірі олардың қылмыстық жазаланушы және аморальды әрекеттер жасаушы адамдармен жүйелі түрде және ұзақ уақыт бойы қарым-қатынас жасауы деп санаймыз.

Сөйтіп, жоғарыда баяндалғандар негізінде төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1. Бас бостандығынан айыру орындарынан босаған тұлғалардың мәртебесі жазасын өтеп жатқан сотталғандар мәртебесінде өзіндік ерекшеліктер бар.

2. Қылмыстық жазасын өтеу орындарынан босаған тұлғалардың қасиеттері – демографиялық, психологиялық, өнегелік және қылмыстық-құқықтық сипаттары бойынша топтастырылуы керек.

3. Қайталанып жасалатын қылмыстылықтың криминогенді факторлары көп жағдайда қылмыстық-атқару мекемелері қызметінің ұйымдастырушылық-техникалық және кадрлық жағдайларымен байланысты.

Қайталанып жасалатын қылмыстылықтың біршама бөлігі олардың бас бостандығынан айыру орындарында жазаларын өтеп жатқан кезінде жасалатындықтан пенитенциарлық қылмыстың қайталануының алдын алу үшін:

1. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан сотталғандардың еңбекке деген қарым-қатынасы оның түзелгендігін анықтаушы көрсеткіш болып табылып, мемлекет сотталғандарды міндетті түрде еңбекпен қамтамасыз етуі керек.

2. Мемлекеттік бюджетте бас бостандығынан айыру орындарындағы өндірістердің де бәсекеге қабілеттілігін дамытуға қаржы бөлуді қарастыру қажет.

3. Сонымен қатар, түзеу мекемесі құрылымы мен түрлерін қайта қарастырып, бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың ұсталу жағдайлары мен тәртібін концептуалды түрде өзгертіп, олардың негізіне сотталғандарды қоғамнан оқшаулау дәрежесін жіктеуді алған жөн. Ол үшін сотталғандар ұсталатын бас бостандығынан айыру орындарын лагерлік типтен камералыққа, ал колония-қоныстары үшін 1-4 адамнан тұратын жатақханалық типке ауыстыру қажет деп санаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Сахаров А.Б. Актуальные вопросы учения о личности преступника. // Теоретические проблемы учения о личности преступника. – М., 1979. С. 61.
- 2 Дагель П.С. Учение о личности преступника в советском уголовном праве. Владивосток, 1972. – С.122-131.
- 3 Долгова А.И., Ермаков В.Д. Вопросы методики разработки классификации несовершеннолетних преступников и ее основания //Типология личности преступника и индивидуальное предупреждение преступлений. – М., 1979. – С.64.
- 4 Криминология. Учебник для юридических вузов. Под общей редакцией доктора юридических наук, профессора А.И. Долговой – М.:Издательская группа ИНФРА. – М.:НОРМА, 1997. – С. 280.
- 5 Лейкина Н.С. Личность преступника и уголовная ответственность. – Л., 1968. – 191 с. – С. 34.
- 6 Филимонов В.Д. Общественная опасность личности отдельных категорий преступников и ее уголовно – правовое значение. – Томск: Изд.ТГУ. – 204 с. С.62.
- 7 Сахаров А.Б. Личность преступника и причины преступности в СССР. – М., 1960. – 424 с. – С.22
- 8 Кудрявцев В.Н. Причины правонарушений. – М, 1976. – 484 с. С.205
- 9 Филимонов В.Д. Проблемы криминологической классификации преступников // Проблемы повышения эффективности борьбы с преступностью. – Томск, 1981. – С. 8-9. – 48 с.
- 10 Доронин Н.Г. Предупреждение насильственных преступлений не совершеннолетних. – Томск, 1984. – С. 10-64. – 96 с.
- 11 Алексеева М.А. Личность осужденного за насильственные преступления и предупреждение специального рецидива: автореф. дис....канд.юрид.наук. – М.,1986. – 29 с. – С.9
- 12 Акажанова А.Т. Психологические концепции о формировании и сущности девиантного поведения // Феноменология и профилактика девиантного поведения: мат-лынаучн.-практ.конф.. – Краснодар: КрУ МВД России, 2008. – С.4-7. – 168 с.
- 13 Накипов Б. Особенности характеристики личности преступника, совершившего рецидив преступления. // Зангер. – Астана, 2008. – №7. – С. 111-114. – 67 с.
- 14 Хохряков Г.Ф. Наказание в виде лишения свободы: оценка эффективности // Советское государство и право, 1989. – № 2. – С. 66
- 15 Шмаров И.В. Социальные и социально-психологические проблемы лишения свободы // Труды ВНИИ МВД СССР. – М.,1976. – №40. – С.19.
- 16 Каретников И.В. Обстоятельства, детерминирующие преступность в ИТК. – М., 1986. – С.6.
- 17 Щерба С.П., Курганов С.И., Перцова Л.В. Социально-негативные явления в ВТК и борьба с ними. – М., 1985. – С.3.
- 18 Криминология: учебник / под ред. Акад. В.Н. Кудрявцева, проф. В.Е. Эминова. – М.: Юристъ, 1997. – 512 с. – С. 228.
- 19 Михлин А.С. Личность осужденных к лишению свободы и проблемы их исправления и перевоспитания. – М., 1973. – С.108.
- 20 Кафаров Т.М. Проблема рецидива в советском уголовном праве. – Баку, 1972. – С.33.
- 21 Яковлев А.М. Преступность и социальная психология. – М., 1971. – С.320.
- 22 Криминология: учебник / под ред. Акад. В.Н. Кудрявцева, проф. В.Е. Эминова. – М.:Юристъ, 1997. – С. 85.

References

- 1 Saharov A.B. Aktual'nye voprosy uchenija o lichnosti prestupnika. // Teoreticheskie problemy uchenija o lichnosti prestupnika. – М., 1979. С. 61.
- 2 Dageľ P.S. Uchenie o lichnosti prestupnika v sovetskom ugovolnom prave. Vladivostok, 1972. – S.122-131.
- 3 Dolgova A.I., Ermakov V.D. Voprosy metodiki razrabotki klassifikacii nesovershennoletnih prestupnikov i ee osnovanija //Tipologija lichnosti prestupnika i individual'noe preduprezhdenie prestuplenij. – М., 1979. – С.64.
- 4 Kriminologija. Uchebnik dlja juridicheskikh vuzov. Pod obshhej redakciej doktora juridicheskikh nauk, professora A.I. Dolgovoј – М.:Izdatel'skaja gruppa INFRA. – М.:NORMA, 1997. – S. 280.
- 5 Lejkina N.S. Lichnost' prestupnika i ugovolnaja otvetstvennost'. – L., 1968. – 191 s. – S. 34.
- 6 Filimonov V.D. Obshhestvennaja opasnost' lichnosti otdel'nyh kategorij prestupnikov i ee ugovolno – pravovoe znachenie. – Tomsk: Izd.TGU. – 204 s. S.62.
- 7 Saharov A.B. Lichnost' prestupnika i prichiny prestupnosti v SSSR. – М., 1960. – 424 s. – С.22
- 8 Kudrjavcev V.N. Prichiny pravonarushenij. – М, 1976. – 484 s. S.205
- 9 Filimonov V.D. Problemy kriminologicheskoy klassifikacii prestupnikov // Problemy povyshenija jeffektivnosti bor'by s prestupnost'ju. – Tomsk, 1981. – S. 8-9. – 48 s.
- 10 Doronin N.G. Preduprezhdenie nasil'stvennyh prestuplenij ne sovershennoletnih. – Tomsk, 1984. – S. 10-64. – 96 s.
- 11 Alekseeva M.A. Lichnost' osuzhdenного za nasil'stvennye prestuplenija i preduprezhdenie special'nogo recidiva: avtoref. dis....kand.jurid.nauk. – М.,1986. – 29 s. – S.9
- 12 Akazhanova A.T. Psihologicheskie koncepcii o formirovanii i sushhnosti deviantnogo povedenija // Fenomenologija i profilaktika deviantnogo povedenija: mat-lynauchn.-prakt.konf.. – Krasnodar: KrU MVD Rossii, 2008. – S.4-7. – 168 s.
- 13 Nakipov B. Osobennosti harakteristiki lichnosti prestupnika, sovershivshhego recidiv prestuplenija. // Zanger. – Astana, 2008. – №7. – S. 111-114. – 67 s.
- 14 Hohrjakov G.F. Nakazanie v vide lishenija svobody: ocenka jeffektivnosti // Sovetskoe gosudarstvo i pravo, 1989. – № 2. – S. 66

- 15 Shmarov I.V. Social'nye i social'no-psihologicheskie problemy lisheniya svobody // Trudy VNII MVD SSSR. – M., 1976. – №40. – S.19.
- 16 Karetnikov I.V. Obstoitel'stva, determinirujushhie prestupnost' v ITK. – M., 1986. – S.6.
- 17 Shherba S.P., Kurganov S.I., Percova L.V. Social'no-negativnye javlenija v VTK i bor'ba s nimi. – M., 1985. – S.3.
- 18 Kriminologija: uchebnik / pod red. Akad. V.N. Kudrjavceva, prof. V.E. Jeminova. – M.: Jurist#, 1997. – 512 s. – S. 228.
- 19 Mihlin A.S. Lichnost' osuzhdennyh k lisheniju svobody i problemy ih ispravlenija i perevospitanija. – M., 1973. – S.108.
- 20 Kafarov T.M. Problema recidiva v sovetskom ugovnom prave. – Baku, 1972. – S.33.
- 21 Jakovlev A.M. Prestupnost' i social'naja psihologija. – M., 1971. – S.320.
- 22 Kriminologija: uchebnik / pod red. Akad. V.N. Kudrjavceva, prof. V.E. Jeminova. – M.:Jurist#, 1997. – S. 85.